ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 шілде № 6213-24-00-2/534 іс Жезқазған қаласы

Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.Е.Мұстафин, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Айсұлу тігін фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосызсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 403-404-баптарын басшылыққа алып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Айсұлу тігін фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Айсұлу тігін фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Мустафин Д. Е., 05.09.2024

«Айсұлу тігін фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 5 973 (бес мың тоғыз жүз жетпіс үш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Айсұлу тігін фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджеттің кірісіне 2 025 (екі мың жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Д.Е.Мұстафин

Құжатқа қол қойылған: Мустафин Д. Е., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Мустафин Д. Е., 05.09.2024

6213-24-3-1/573